


Келісіді  
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК  
әдіскері  
 Байгонова А.Х.

Бекітемін  
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК  
менгерушісі  
 Ержанова Т.М.  
«02» 09 2024ж.



**2024-2025 оқу жылына арналған вариативтік компонент  
перспективалық жоспары**

**Перспективный план работы по вариативному компоненту  
на 2024-2025 учебный год**

**«Мен және айналадағы табиғат»  
(ортаңғы топ №4 «Балдәурен»)**

**Көкшетау қаласы**

**2024-2025 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша  
перспективтік жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағаты</b>	<b>Күні</b>
<b>1</b>	Табиғат деген не?	<b>1</b>	<b>17.09</b>
<b>2</b>	Күзгі табиғат	<b>1</b>	<b>01.10</b>
<b>3</b>	Біздің өлкеміздің жануарлар әлемі	<b>1</b>	<b>15.10</b>
<b>4</b>	Құстарды қалай тануға болады?	<b>1</b>	<b>29.10</b>
<b>5</b>	Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар	<b>1</b>	<b>12.11</b>
<b>6</b>	Қоян ме аю - жабайы аңдар	<b>1</b>	<b>26.11</b>
<b>7</b>	Ақ қар жапты даланы	<b>1</b>	<b>10.12</b>
<b>8</b>	Қыстағы құстар	<b>1</b>	<b>24.12</b>
<b>9</b>	Жануарлардың қысқы қамы	<b>1</b>	<b>07.01</b>
<b>10</b>	Үй жануарлары-адамның достары	<b>1</b>	<b>21.01</b>
<b>11</b>	Қазақстанның Қызыл Кітабы	<b>1</b>	<b>04.02</b>
<b>12</b>	Табиғат әлеміне саяхат	<b>1</b>	<b>18.02</b>
<b>13</b>	Су қалалық ақты – жазғытұрымды әкелді	<b>1</b>	<b>04.03</b>
<b>14</b>	Бөлме гүлдері	<b>1</b>	<b>18.03</b>
<b>15</b>	Орман туралы әңгіме	<b>1</b>	<b>01.04</b>
<b>16</b>	Улы жаңбырлардың себебі неде?	<b>1</b>	<b>15.04</b>
<b>17</b>	Тиінге көмек	<b>1</b>	<b>29.04</b>
<b>18</b>	Бұлақ болмаса, өзен болмас	<b>1</b>	<b>13.05</b>
<b>19</b>	Гүл өмір қызығы.	<b>1</b>	<b>27.05</b>

## Түсіндірме хат

«Мен және айналадағы табиғат» экологиялық бағдарламаның негізгі мақсаты:

- Балаларды қоршаған ортаны қабылдауға үйрету;
- Балалардың сезімдерін нұрландыру;
- Табиғатты түсінуге және оны бағалауға үйрету, табиғатқа деген рақымсыздықпен күресуге көмектесу.

Экологиялық бағдарламаның талаптары:

-Сезім ортасы арқылы тірі және өлі табиғат объектілерімен кездесуден қызығушылық пен қуаныш сезімдерін дамыту және тәрбиелеу.

- Сұлулық сезімі мен ұлы табиғат құбылыстарының бастапқы тәжірибесі негізінде жалпы адамат құндылықтары арқылы балалардың табиғатқа деген саналы қарастарын қалыптастыру.

- Адам мен табиғат арасындағы тәуелділік жөніндегі түсініктерін қалыптасыру.

- Балалардың мәдени-экологиялық білімдерін және өзін-өзі дамытушы, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру, имандылық бастауын дамыту.

- Табиғат және қоршаған орта факторларының адам денсаулығы үшін маңызын көрсету.

- Табиғаттағы және экологиялық заңдылықтарды білу танымдарын қалыптастыру (жануарлармен өсімдіктердің тіршілігі).

Туған өлкенің табиғатты-те қуатты бұлақ, осы бұлақтан бала білім мен әсерді сусындайды. Қоршаған өлі және тірі табиғаттың объектілеріне деген қызығушылық өте ерте оянады. Балалар өте бақағыш келеді; орман сокпағындағы еңбекқор құмырсқаны, қалың шөп арасындағы кішкентай өрмекшіні де байқап қалады. Балалардың назарын табиғаттың әр маусымы сайын болатын өзгерістерді, бояулардың ашықтығы дыбыстардың, истердің әртүрлілігі өзіне аударады. Олар өздеріне жаңа әлем ашады; көзге түскен затты қолмен ұстауға, көзбен көруге, иісін сезіп, мүмкін болса дәмін татауға тырысады. Сондықтан да біз, ересектер, балаларды табиғатты сүйуге, құрметтеуге, қорғауға және оның байшылықарын көбейтуге үйретуді міндеттейміз. Экология-бұл тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы ғылым болғандықтан, балалардың табиғатта болатын ғылыми байланыс түсініктерін қалыптастыру қажет.

Балалар табиғи компоненттердің қаншалықты өзара тығыз байланысты және тірі ағзалардың өмір сүру ортасына байланысты екенін түсінеді.

Адам-табиғаттың ажырамас бір бөлігі болып есептеледі, бұл тәсіл балаларға адам мен қоршаған орта арасындағы мәселелерді жақынырақ білуге көмектеседі. «Мен және айналадағы табиғат» бағдарламасын бір-бірімен тығыз байланысты үш бөлімге бөлуді жөн көрдік.

Бұл

1. «Тірі табиғат»
2. «Өлі табиғат»
3. «Адам және қоршаған орта»

Бағдарламаның ерекшелігі оның ұымдастырылуында; әр сабақта балалар педагогпен бірге жайлы жағдайда әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы табиғатпен қатынасады. Мысалы:

- тірі объектілермен қарым-қатынас жасау;
- бақылау;
- слайдарды қарау;
- бейне фильмдерді қарау;
- әуен тыңдау;
- саяхатқа шығу;
- балалардың шығармашылығы; сурет салу, ертегілер құрастыру, қркм әдебиет туындыларын сахналау және т.б

Педагог әр сабақта балалардың «Эмоциялық бейжайлығына» жетеді, ол балаларды жағымды сабақтармен қамтамасыз етеді, әр нәрсені қалай дұрыс істеуді үйретеді.

Бұл бағдарлама балабақшада, я болмасын жанұяда балалармен ересектердің біріккен шығармашылық қызыметін талап етеді.

«Мен және айналадағы табиғат» бағдарламасы 2-7 жас аралығындағы балаларға арналған. Ұстаным құрылымы-концентрлі. Педагог бір объектіге бірнеше рет оралып, балалардың бұрынғы алған білімдеріне жаңа ақпарат қосып отыруы қажет. Ол сабаққа берілген уақытпен өзінің дайындығын ескере отырып, балалардың білім деңгейіне қарай, ұсынылатын ақпаратты мөлшерлеп отырғаны дұрыс.

Сабақ үлгілері интерактивті оқыту әдісіне негізделген және баланы, жалпы және тұлға ретінде тәрбиелуге бағытталған: сәбидің өзінің бақылауларын салыстырып қортынды жасауға, айналадағы табиғаттың әсемдігін байқауға; тәрбиеленушілердің тілдерін жетілдіріп, ойлау қабілеттерін, шығармашылық мәдени сезімдерін арттыру. Оқытудың негізгі приоритеті- есте сақтау, я болмаса бұрынғы білімдерін естеріне түсіру емес, керісінше, айналадағы өзгерістерді түсініп, бағалауға бағытталған. Бағдарламаны қолдану нәтижесінде балалар балабақшадан кетерде келесі **түсініктерді** білулері тиіс:

- Әрбір өсімдік пен жануардың өсіп дамуы үшін қажетті жағдайлар жасалуы керектігін, ал олардың біреуі орындалмай қалса, экологиялық тізбек үзіліп, тірі ағза апатқа ұшырайтынын;
- Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және жоғалуға жуық өсімдіктер мен жануарларды білуге, өсімдіктерсіз жр бетінде өмір сүру мүмкін емес екенін, оның салдарынан барлық адамзаттың жер бетінен жойылып кетуіне әкеліп соқтығатынын;

- Жануарларды падалы және зиянды етіп екіге бөлмей, оларға сауаттылықпен қарау керек. Олардан қолдан келген көмекті аямауға міндетті екеніміз туралы.
- Туған өлкенің табиғатын қорғауға үлс қосуға үйрету, осыған бағытталған іс-шаралары туралы терең жән саналы білім-бөліктерін қалыптастыру, табиғатқа зиян келтіретін адамдарды тоқтата білу;
- Адам – табиғаттың бір бөлігі, ол табиғаттың сақтығына жауапты. Қорыта келгенде, «Мен және айналадағы табиғат» бағдарламасы келесі **компоненттерден** құрастырылған.

**Танымдық** (үйретуші) – өсімдіктер, жануарлар, адам жән қоршаған орта;

**Құндылық** – табиғат адам өмірі үшін қажетті жағдайлардың қайнар көзі (тағам, тыныс, еңбек, демалыс, денсаулық, рухани жағдай) қоршаған табиғи ортаға байлаысыты;

**Нормативтік** – табиғаттағы іс-әрекеттерінің нормалары мен ережелері, табиғатты қорғау туралы шығарылған заңдар, қорықтардың рөлі, Қызыл кітап.

**Іскерлік** - табиғат-тиімді падалануға бағытталған адамның лайықты еңбек қызыметінің объектісі.

**Тәрбиеленуші**-адамның табиғаттағы және тұрмыстағы денсаулығы үшін экологиялық сауаттылық және қауіпсіздік тәртіп ережесі.

Табиғатты эстетикалық түрде қабылдау.

## **Ортаңғы топ**

**«Мен және айналадағы табиғат»** вариативтік компонент ортаңғы топта айына 2 рет болады.

**Ұзақтығы:** 15-20 минут

**Білім деңгейі**

**Ұғымы болу керек**

**Тірі табиғат**

- Өсімдіктерді отырғызу мәдениеті (3-4 түрін)
- Шаруашылықта үй жануарларын қолдану
- Күнздігүні құстар қайда және неліктен ұшып кетеді
- Тұқымды жерге еккеннен жаңа өсімдік өсіп шығады

**Өлі табиғат**

- Судың буға аналуды табиғи құбылысы туралы
- Әр түрлі климаттық аймақтар (солтүстік, оңтүстік)
- Табиғаттағы циклондық өзгерістер туралы

**Адам және қоршаған орта**

- Табиғат құбылыстары мн адам арасындағы өзара байланыс
- Экологиялық сауатсыздықтың салдары (алау жағу, ағаштарды құрту, т.б)
- Дәнді еккенде жаңа өскіннің пайда болуы туралы

**Білуі керек**

### **Тірі табиғат**

- Бөлме өсімдіктерінің 3-5 түрін, формасын, түсін, жапырақтарын, гүлдерін
- Бұталардың 3-4 түрін
- Ағаштардың 3-4 түрін
- Орман жидектерінің 2 түрін
- Саңырауқұлақтың 2-4 түрін соның ішінде шыбынжұт саңырауқұлағын
- Көкөністердің 5-6 түрін
- Жемістердің 5-6 түрін
- Әр түрлі өсімдіктердің ерекшеліктерін тамырынан, жапырақтарынан айыра білу
- 3-4 қылқан жапырақты ағаштардың түрін
- Өсімдіктер қоғамдастығын орман, саябақ, бақша
- Сыртқы түр сипатынан тұқымдарды айыру
- 3-5 жәндіктердің түрлерін
- 2-3 балықтың түрлерін
- 3-4 құстардың түрлерін
- 10-15 аңдардың түрлерін, олардың жауларынан қорғану жолдарын
- Жануарлардың төлдерінің бір-бірінен қандай айырмашылығы болатынын
- Жануарлардың жауларынан қалай құтылатындары жөнінде: тасбақа мен кірпі денелеріндегі қабыршығы мен тікендерінің көмегімен, тышқандар мен суырлар апандарына тығылып, балық, қоян еліктер қашып құтылатын жөнінде

### **Өлі табиғат**

- Табиғаттағы маусымдық өзгерістер, яғни ауа-райы жылдың әр мезгілінде қалай ауысатынын

### **Адам және қоршаған орта**

- Жануарларды ауыл шаруашылығында қолдану жылқы, қой, т.б
- Жануарлардың табиғаттағы әр жыл мезгіліндегі өмірі олардың биологиялық ерекшеліктері тиын, кірпі, қоян
- Жануарлардың жабайы және үй жануарлары болып екіге бөлінетіні
- Адамның іс-әрекетінің салдарынан табиғаттың ластануы қоршаған ортаға толтырылмас зиян келтіретіні.

### **Тану керек**

#### **Тірі табиғат**

- Өсімдіктердің әр түрлі белгілері бойынша топтау
- Сырқы түрі ағаштар, бұтақтар, шөп
- Өсетін жері орманда, саяжайда, бақтарда, шабындықтарда
- Жеуге жарамдығы жағынан жидек, көкөністер
- 2-3 құсты дауыстарынан тану
- Улы саңырауқұлақтарды айыра білу.
- Берілген аймақта жиі кездесетін улы өсімдіктерді айыра білу
- Жануарлардың арасындағы айырмашылықты білу

#### **Өлі табиғат**

- Ауа райының жағдайын айыра білу

- Судың, қардың қасиеттерін білу
- Адам және қоршаған орта
- Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарау.
- Тіршіліктерге қамқор болу
- Ауа райының жағдайын және мезгілдік өзгерістерін айыра білу.
- Тірі табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды күту.
- Бақылау дәптерін, күнделігін жүргізу
- Ауа райының өзгерістерін тіркеу
- Учаскіні, қоғамдық жерлерді тазалықта ұстау.